

Рудный индустриялық институтының  
G-GLOBAL жастар қозғалысын  
қолдау штабының жолдауы

Білгілі болғандай, қазіргі уақытта әлемде экономикалық жағдай белгісіздік және тұрақсыздықпен сипатталады. Дағдарыстар қоғамның дерлік барлық әлеуметтік-экономикалық даму жағына кері әсерін тигізуде, сондықтан дерлік барлық елдер дағдарысқа қарсы әрекет ету тетігін әзірлеп шығаруға тырысуда. Қазіргі уақытта әлемдік экономика дағдарысынан шығу шешімін іздеу мақсатында жетекші елдер басшылары кедесулер мен отырыстар өткізді (Альянсы G8, G20). Бірақ бұл кездесулер, көбінесе, жоғары саяси деңгейде өтті және осы елдер мен осы одаққа кірмеймін мемлекеттерде тұратын халықтың кең ауқымының ойларын есепке алмады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткен салтанатты жиында әлемдегі дағдарысқа қарсы шешімдер шығару жолын іздестіру үшін қатысушылар санын түбегейлі арттыру жөнінде айтты. Нұрсұлтан Назарбаев жаңа коммуникативті алаңды G-Global деп атауды ұсынды. Астана экономикалық форумы оның жұмыс жүргізу алаңына айналды. Мемлекет басшысы форумда сөйлеген сөзінде G-Global-ды құру идеясы саяси, сарапшылық және іскерлік ортада, әлемдік қауымдастықта кеңінен қолдау тапқанын атап көрсетті.

«G-global сұхбат алаңы» - бұл отандық экономика мен әлем экономикасының дамуына қызығушылық танытатын бүкіл әлеуметтік топтар мен әлемге арналған жоба. Бүкіл әлемнің Интернет пайдаланушыларына АЭФ-ның электронды жүйесіне қатысуға мүмкіндік береді бірдей жүйе. Аз уақыт ішінде 150 мемлекеттен 30 000 пайдаланушына біріктірді.

Жобаны 14 Нобель сыйлығының лауреаттары - Роберт Манделл, Джон Нэш, Роберт Корнберг, Эрик Маскин, Джон Ауманн, Финн Кидланд, Джеймс Миррлис және тағы басқалар; халықаралық бизнес және білім, ғылым ұйымдарының өкілдері қолдады.

Қазақстан зияткерлер мен дүниежүзілік бірлестіктің әлеуметтік желісі әлемнің келешегіне тәуелді болатын көлемді мәселелер ауқымының шешімдерінің іздестіруімен шұғылданған. Күнде әлемдік сарапшылық бірлестік үшін жағдайлар жасалынады - әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, демографиялық және тағы басқа сұрақтар бойынша интерактивті, ашық, көпшілік пікірталастар.

«G-global» коммуникативті алаңының қатысушылары мақалаларын жариялай отырып, өзекті мәселелер жөнінде пікір алмаса келе, ғылыми және іскерлік қызығушылық саласында ынтымақтастық ете алады.

Жылсайынғы Астана Экономикалық форумы кезінде «Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы» Қауымдастығы Нобель сыйлығының лауреаттары, саяси және қоғам қайраткерлерінің еңбектері жарияланған «Еуразия экономикалық шолу» (Eurasian economic review) журналында ең үздік ғылыми жұмыстар мен мақалалар жарияланатын «G-global»

коммуникативті алаңының сайыстарын өткізеді. Сонымен бірге байқау жеңімпаздары ғылыми жұмыстарды қолдау бағытында дипломдар және құрмет сертификаттары, сый ақы және көтермелеу сыйлықтармен марапатталады.

Жастардың рөлі, әсіресе студент-жастардың мемлекет қоғамының дамуында маңызды рөл атқарады. Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның жаңа даму кезеңі – тікелей жастардың қолында екендігін үнемі айтып келеді.

Жер бетінде халықтың басым бөлігін жастар құрайтыны белгілі. Қазіргі жастар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамыту, инновациялық қызметтерді ынталандыру, «жасыл экономика» қағидасын және т.б. жетілдіру жолдарын меңгеруге әлеуеті толығымен жететіні хақ. Бұл ретте отандық және әлемдік экономиканың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған жолдарын ғаламдық деңгейде, тіпті аймақтық, ұлттық, халықаралық деңгейде жас ұрпақты жұмылдырудың маңызы зор болмақ.

Жоғарыда айтылғандай, Астана экономикалық форумын өткізуде студент-жастарды Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «G-global» коммуникативті алаңы идеясын жүзеге асыруға бағытталған «G-GLOBAL» жастар қозғалысын қолдау штабын қолдауға шақырамыз.

«G-global» коммуникативті алаңының ресми сайтына тіркеліңіз: [www.group-global.org](http://www.group-global.org)

**Қосылыңыз!**

**Бұл маған қажет, бұл саған қажет, бұл елге қажет, бұл бүкіл әлемге қажет!**